

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, дінімізбен қайта табыстық. Қазір қазыналы қарттардың қатары сиреп, молда жиі ауысады. Ел ғибадат ететін орын – аудандық мешіт. Имандылық үйі бұрынғы банк мекемесі орналасқан орын. Жаңа мешіт салу мәселесі түрлі жағдайға байланысты әзір дайын емес.

Негізі дін жолына қашанда тұрмыс жағдайы көтеретін, діни білімі бар тақуа адам ғана түскен. Меңдіқара жерінде ертеректе Нұрғали есімді белгілі молда өтті. Қазіргі Красная Пресня кеңшары тұрған Майбалық жерінде дін жолына түсіп, қажылыққа бірнеше рет барған, сол үшін жанын да, малын да аямаған Қылмойын руынан шыққан ағайынды бірнеше әулие болған. Ол кісілер осы уақытқа дейін елдің есінде қалған адамдар. Бұл үлкен жолға түскен адамдарда қаражат та, жауапкершілік те бар еді. Қажылардың үлкені, яғни, басшысы Зұлқарнай атамыз болатын. Ол кісі Қошпанды, баласы Мұсаны, ағайынды Сансызбайды Меккеге жіберген жанашыр жан. Ауырып қалғанына қарамай, жылдап жүрген екен. Қазіргідей ұшақ, пойыз жоқ, көлік көбіне жылқы, түйе. Және айлап шөлді жермен жаяулап жеткен.



Имандылық

Зұлқарнай атамыз әулие болған кісі, адам емдеген, кейдердің балаларын тегін оқытқан, өмірінің көп уақытын Мекке, Мәдинада өткізген. Ол кісіге жын соғып, ауырып жатқан адамды арбаға таңып әкеледі екен. Сырқаттын жанына жайлап отырып, басынан (яғни миын) сипап сөйлесіп отырып емдеген. Естіген адамдардың айтуынша, осы күнгі массаж жасайтын экстрасенс дәрігер сияқты. Тепепатиялық емдеу тәсілі. Емдеген адамнан ақы алмаған.

Осы айтылған төрт қажы қазір бір зиратта, бұрын басында белгі болмаған, қоршау да жоқ. Өткен ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдардың төркілеуінен кейін ел-жұрты азған, ұрпақтары Ресей жеріне қашып кеткен. 1964 жылы Өтеген Қошанұлы қорымды аралап, аталарының басына қолдан құйған тас орнатты. Тіпті, зиратқа келіп, түнеп кететін науқастар, дертіне ем іздеушілер азайған жоқ. Осы күні де Алматыдан, Нұр-Сұлтаннан, Қарағандыдан, Торғайдан, облысымыздың басқа аудандарынан келіп құран оқытып, зират басына түнеп кететін адамдар бар. Алматыдан бір қызметкер әйел келіп кетті. «Ол кісіні естіген емеспін. Бірақ аруақ түсіме кірді. Ақылдасып, жайымды айтқан кісілер басына барып құран оқы-

тып қайт деді. Сол үшін келдім», – депті. Өзіміздің ауылда Салмин деген жігіт әйелі екеуі мал сойып, зират басына құран оқытып, түнеп қайтты. Ұлтында тұрған не бар, зәру болып (перзентсіз екен) келген соң молда рұқсат етті. Бірге бардық, тілеулес болдық. Мұндай мысалдар баршылық.

Мен осы жердің азаматымын, бұл – менің атамекенім, аталарымның, ата-анамның, қайын атам Қабаш Қозыбайұлының, тұңғыш баламның мәңгілік мекені. Ел бір кезде қалаға үдере көшті ғой. Ешқайда бармадым, мекенімнен қозғалмадым. Әркімнің туған жері өзіне Мысыр шаһар. Баратын жеріміз – біреу, аталар аруағын тастап, яғни, аруақ қонып, нар шөккен жерден кеткім келмеді. Бұл жерде мені жібермей тұратын бір күш бар. Жалпы бұл жер – әулиелердің мекені.

Мен 1956 жылдан бері атаусыз қалмасын деп еңбектеніп келемін. Ресей жеріне, әр жердегі архивтерге бардым. Бірталай іс басындағы азаматтарға жолықтым. Еңбегім далаға кетпеді, мемлекет басқарудағы көзі қарақты азаматтарға рахмет, Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасынан кейін бұл жер сакральды мекенге айналды, кіреберісте 4 м 75 см ескерткіш орнатылды, әлі де жасайтын шаруа бар-

шылық, ел тыныш, азаматтар аман болса, ойымыз орындар деген үміттеміз. Еңбек жасаған, қол ұшын созған адамдарды әулиелер рухы жебесін деген тілектеміз. 2018 жылы Президент аппаратының бюджет-қаржы бөлімінің жетекшісі, Парламент депутаты, республика кәсіподақ өкілдері келіп осы жерді көріп кетті. Аталарымыз табанына шөгір кіріп, маңдайын ыстық шалған туған жерде жатыр, зираттары жаңа тәртіпте салынып, әрқайсының аты-жөні жазылған ескерткіш қойылды.

Жоғарыда айтқанымдай, ел тәуелсіздік алғаннан кейін Меңдіқарада мешіт салуға ниетті азаматтар, мұсылмандар қауымдастығы құрылтай жиналысын өткізіп, оған 500 адам қатысты. Бірінші қадамын жасады. Осыған мұрындық болған, басы-қасында жүрген Оразбек Жанақаев ақсақал. Халық ақша жинау үшін әр түтіннен 100 теңгеден деп шешкен, оған 13 ауыл округі, 20 кәсіподақ мекемесі, мектеп, аурухана атсалысты. Бірақ қаржы жетпеді, ауданда мұсылман қауымы да аз еді, бір жағы елдің есін жимаған кезі, қысқаша айтқанда, мүмкіндігі әлсіз. Аудан орталығынан үй іздеуге тура келді. Қалағандары – банк орналасқан ескі стильдегі орталыққа орналасқан үй. Аудан басшыларының көмегімен 500 мыңнан аса қаражат жиналып, 1993 жылы 26 наурызда ашылды.

Ел осы күнге дейін әулие санайтын Зұлқарнай қажы осы жерді мекендеген, зираттары да сол жерде, төртеуі бір қоршауда. Бастарын көтеріп, жаңадан тасын өзгертіп, қоршауын дұрыстап қоямыз деп еңбектеніп жатырмыз. Қол ұшын беріп жатқан азаматтар да бар (Марат Күшікбаев, Нұрлан Есмаков, т.б.). Бұл кісілер тек қажылық қана жасап қоймаған, науқастарды емдеген. Сынық салу, бала сүндеттеу, күре тамырды емдеп отырып диагноз қою. Сол кісілердің мекендеген жерінде бірнеше көл бар. Шипалы көл, Әулие көл деп ауру емдеуге кеңес берген. Сол көлге қазір де сырқаттар келіп тұрады. Науқас адамдар, бала сүюге үмітті адамдар келіп, басына зиярат етеді.

Мешітке 2008 жылы 3 мамырда Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасынан Еркін қажы Дуанбаев Меңдіқара ауданы Боровской елді мекенінің Байназаров көшесіндегі мешітке Мұса қажы Зұлқарнайұлының есімі берілді деп шешім қабылдағанын хабарлады.

Міне, ел азаматтарының осындай іргелі істері арқылы өңіріміздің рухани өмірінде осындай жаңғыру бар. Ең әуелі ел аман, жұрт тыныш болсын, тарихын түгендейтін, кемдігін бүтіндейтін арда ұлдар өлі де туа береді.

Өтеген ҚОШАНОВ,
еңбек және тыл ардагері,
Меңдіқара ауданының құрметті азаматы.
Сәуләш ҚОШАНОВА,
еңбек ардагері.

Меңдіқара ауданы.